

**Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы N 449 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 қарашадағы  
№ 1506 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.29 № 1506 (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 867 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 ақпандағы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 867 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 867 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. "Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 1270 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 49, 628-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 2 маусымдағы  
N 449 қаулысымен  
бекітілген

## **Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі**

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 867 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы» 2 маусымдағы  
N 449 қаулысымен  
бекітілген

## **Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 867 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары:

- 1) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысуды;
- 2) мақта қолхаттарын беру есебін;
- 3) меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мақта тазалау зауытының және мақта қабылдау пункттерінің болуын;
- 4) мақта тазалау зауытында:
  - кемінде бір мақта қабылдау пунктінің;
  - шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтың;
  - таразы жабдығының;
  - желдету жабдығының;
  - тиеу-түсіру тетіктерінің;
  - мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхананың;
  - мақтаны сақтауға арналған арнайы бөлінген орынның болуын;

5) мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау п у н к т і н д е :

шитті мақтаны жинақтауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңның;  
т а р а з ы ж а б д ы ғ ы н ы ң ;  
сынамаларды іріктеуге және шитті мақтаның сапасын анықтауға арналған  
з е р т х а н а л ы қ ж а б д ы қ т ы ң ;  
т и е у - т ү с і р у т е т і к т е р і н і ң б о л у ы н ;

б) мақта тазалау зауытында, сондай-ақ мақта тазалау зауыты орналасқан орыннан тыс жердегі мақта қабылдау пунктінде өткізу режимінің болуын;

7) тиісті білімі бар (басшылар үшін – жоғары техникалық немесе технологиялық білім, мамандар үшін – техникалық және кәсіптік (техникалық немесе технологиялық) білім)\* техникалық басшылар мен мамандардың білікті құ р а м ы н ы ң б о л у ы н қ а м т и д ы .

Мақта тазалау зауытының, сондай-ақ мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінің аумағы қоршалуға тиіс.

Ескертпе: \*тиісті білімнің болуы диплом көшірмесімен расталады (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариус куәландырған).